



Аудан айнасына 60 жыл

АКТИВ ОТЫРЫСЫ

АУДАН ПРОКУРОРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Сейсенбі күні аудан активімен өткен жиында облыс прокурорының бірінші орынбасары Азамат Күренкей Жамбыл ауданына тағайындалған жаңа прокурормен таныстырды. Жиынға аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Рүстем Бегалиев, аудандық мәслихат төрағасы Мұхтар Шайдаев және бөлім, мекеме басшылары мен ауылдық округ әкімдері қатысты.

Жамбыл ауданының прокуроры болып Берік Қыдырәлі тағайындалды.

Берік Дүйсенәліұлы еңбек жолын 2006 жылы Жамбыл облысы Жамбыл ауданы прокурорының көмекшісі қызметінен бастаған. Әр жылдары осы ауданда аға көмекші, кейін Тараз қаласы прокурорының бөлімінде аға көмекші болып қызмет атқарған. Сондай-ақ Жамбыл облысы прокуратурасында және Қазақстан



Республикасы Бас прокуратурасында түрлі жауапты лауазымдарда, оның ішінде аға прокурор және ұйымдастыру-талдау бөлімінің аға прокуроры қызметтерін атқарған.

2013-2017 жылдары Бас көлік прокуратурасының Жамбыл көлік прокурорының орынбасары болды. Одан кейін Жамбыл облысы прокуратурасында басқарма бастығының орынбасары, басқарма бастығы, сондай-ақ мемлекеттік айыптауды қолдау

және апелляциялық сатысына қатысу басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. 2020-2022 жылдары басқарма бастығы – Жамбыл облысы прокуратурасы аппаратының басшысы болды. 2023 жылдың 21 ақпанынан 2026 жылдың 3 сәуіріне дейін Ақтөбе қаласының прокуроры қызметін атқарды. 2026 жылғы 3 сәуірден бастап Жамбыл ауданының прокуроры болып тағайындалды.

Жиын соңында аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Рүстем Бегалиев ауданға тағайындалған прокурор Берік Қыдырәліге қызметте жақсы нәтижелерге жетуіне тілектестік білдіріп, аудан активімен бірлесіп жұмыс атқаруға шақырды.

«Шүғыла»-ақпарат.



Өткен аптада Шәкен Ниязбеков ауылында игі бастамаға негізделген ауқымды экологиялық шара өтті. «Таза Қазақстан» акциясы аясында ауыл тұрғындары, оның ішінде туған жердің көркеюіне бейжай қарамайтын жанашыр азаматтар бірігіп, кең көлемді көгалдандыру жұмыстарын жүргізді.

КӨШЕ БОЙЫ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАМЫЛДЫ

Ауылға кіреберіс жол бойы жасыл желек оранып, тұрғындардың өз қаражаттары есебінен жалпы саны 2600 түп түрлі ағаш көшеттері отырғызылды. Оның ішінде 120 түп қылқан жапырақты ағаш пен 500 түп қарағаш ауылдағы Ту тұғыры аумағына егілді.

Аталған игі іске ауылдың белсенді азаматтары бір-кісідей жұмылып, ауызбіршілік пен ынтымақтың жарқын үлгісін көрсетті. Табиғатты аялау мен туған жерді тұлетеуге бағытталған акция алдағы уақытта да жалғасын табатынына сенім мол.

«Шүғыла»-ақпарат.



БОЛАШАҚ

Кеше Юрий Гагарин атындағы мектеп-лицейінде «Бала үні – қоғам үні» тақырыбында өскелең ұрпақтың ой-санасын өрістетіп, пікір-парасатын таразылаған айшықты басқосу өтті. Аталмыш жиынға аудан әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова, Жамбыл облысы бойынша бала құқығы жөніндегі өңірлік өкіл Дәурен Бағжанов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев және білім саласының өкілдері қатысып, ой-пікірлерін ортаға салды.

ЖАСТАР – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢГІ ЕҢСЕСІ

Аружан КҮНТУБАЙ

Сонымен бірге, ауданның 25 білім ошағынан іріктеліп келген балалар, парасатты ұстаздар, ел ағалары мен сала мамандары бір ортаға ұйысып, жас буынның пайымды ұсыныстары мен ойлы бастамаларын кеңінен саралап, тағылымды талқы төрінде таразылады. Аудандық білім бөлімінің басшысы Қуаныш Бакытұлы жүргізген кездесу барысында бала құқығын қорғау, жас ұрпақтың жан-жақты кемелденуі, олардың қоғам өміріне белсене араласуы сынды өзекті мәселелер кеңінен сөз болды.

Алғаш болып сөз алған аудан әкімінің орынбасары Махпал Сатыбалдықызы өскелең ұрпақтың ел болашағындағы айрықша орнын бедерлі оймен өрнектеді.

– Бүгінгі бала – ертеңгі елдің тұтқасын ұстар тұлға. Сондықтан сіздердің зерделі, зияткер, тәрбиелі болып қалыптасуларыңыз – мемлекетіміздің мызғымас мұраты, – деген аудан әкімінің орынбасары Махпал Сатыбалдықызы жастарды білім мен парасат биігіне ұмтылуға үндеді. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қамқорлық пен қолдауларды тарката айтып, жас буынға артылар үміттің мол екенін жеткізді.

Жамбыл облысы бойынша бала құқығы жөніндегі өңірлік өкіл Дәурен Бағжанов өз сөзінде бала құқығы қоғамның айнасы, өркениеттің өлшемі екенін айрықша атап өтті.

– Әрбір баланың алаңсыз білім алып, қауіпсіз ортада өсіп-өркендеуі – баршамызға ортақ борыш. Сіздердің әрбір пікірлеріңіз – келешекке бағыт



берер құнды қазына, – деп жас өрендердің ой-толғамдарына ерекше мән берілетінін жеткізді.

Жиында сөз алған аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Мадияр Қожахметов жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесіне тоқталып, тәртіп пен заңдылықтың қоғамдағы орнына кеңінен тоқталды.


Сондай-ақ, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев пен аудандық «Әкелер кеңесінің» төрағасы Сәрсембай Күзәрбаев тағылымы терең, тәлімі мол ойларын ортаға салды.

Бақыт Сырлыбаев: «Жастар – ұлттың ұстыны, елдің ертеңгі еңсесі. Сіздердің бойларыңыздағы білім мен тәрбиенің тұнығы –

мемлекетіміздің мәңгілік мұратының кепілі», – десе, Сәрсембай Күзәрбаев: «Тәрбие – тал бесіктен басталып, тағдырға айналар ұлы жол. Отбасы мен қоғамның үйлесімі ғана кемел ұрпақ қалыптастырады», – деп ұлттық құндылықтардың қадір-қасиетін ұлықтауға үндеді.

Шара аясында бала өкілдіктерінің бір жыл бойы атқарған игілікті істері көпшілік назарына ұсынылып, арнайы әзірленген бейнематериал көрсетілді. Сонымен қатар қоғамдық өмірде белсенділік танытып, көшбасшылық қырынан танылған 25 оқушыға арнайы төсбелгілер табысталды.

Аталған басқосу ашық сұхбат алаңына ұласып, жас өрендер көкейдегі сауалдарын бүкпесіз қойып, тұщымды жауаптарға қанықты.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес 2026 жылдың 23 сәуірінде Жамбыл ауданының әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Қаракемер, Аса ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесу өткізеді.
Қаракемер ауылы, ауылдық клуб, сағат 10.00
Аса ауылы, М.Төлебаев атындағы балалар өнер мектебі, сағат 11.30.
Өзгерістер болған жағдайда қосымша хабарланады.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

ЖАРНАЛАРДЫ ТӨЛЕУ ЖЕҢІЛДЕТІЛУДЕ



→ 4

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ӘДЕП НОРМАЛАРЫН
САҚТАҒАН ЖӨН

Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші. Оның функциялары басшылық қызмет атқаратын, сондай-ақ ұжымда қадірлі және құрметке ие болған мемлекеттік қызметшіге жүктеледі.

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің мемлекеттік қызметшілері азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды және оларға жауап береді. ҚР заңнамалық актілерінде белгіленген құзыреттер шегінде мемлекеттік аудит объектілерін тексереді. Бұл ретте, мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі мен келбеті және әдеп нормалары маңызды рөл атқарады.

Осыған байланысты Әдеп жөніндегі уәкіл семинарлар, «дөнгелек үстел» отырыстары, дәрістер сияқты түрлі іс-шаралар өткізеді. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган өткізетін іс-шараларға қатысады. Бұқаралық ақпарат құралдарына, әлеуметтік желілерге мақалалар мен түрлі жарияланымдар жариялайды. Азаматтар мен заңды тұлғаларды жеке сұрақтарымен қабылдайды. Қызметкерлерге мониторингтер өткізіп, сауалнамалар алады. Ағымдағы жылдың 1-тоқсанында

Әдеп жөніндегі уәкіл департамент қызметкерлеріне ҚР Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша 4 басқосу өткізіп, 1 жеке консультациялық көмек көрсетті. Мереке күндері алдында жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларын ұстану және қызметтік әдеп нормаларын бұзғанда жол бермеу турасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ұжымдағы қарым-қатынас мәдениетінің деңгейін бағалау және оны жақсартуды анықтау үшін департамент қызметкерлерінен анонимді сауалнама алынды. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасатын болады.

А.БАЙҚУАНЫШОВ,
Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының аумағында ақшалай есеп айырысулар модельдері мемлекеттік тізілімге енгізілген, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналары міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі.

Сауда операциялары, қолма-қол ақша арқылы жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету кезінде жүргізілетін ақшалай есеп айырысу Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыру кезінде бақылау-кассалық машиналарды қолданбау, сондай-ақ ақаулы болып табылатын немесе пайдалану орны бойынша мемлекеттік кіріс органдарының есебінде тұрмаған бақылау-кассалық машиналарды қолдану ескерту жасауға әкеп соғады. Ал егер, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – шағын кәсіпкерлік субъектілеріне он бес

айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сонымен бірге, бақылау-кассалық машинаның чегін немесе тауар чегін бермеу ескерту жасауға әкеп соғады. Ал егер, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 284-бабына сай).

Жамбыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ
КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

(Аса ауылы, Абай көшесі №102, тел.: 2-12-06, 5-05-63)

2026 жылғы 17 мамырға тағайындалған Жамбыл ауданы Ерناзар ауылдық округі әкімінің сайлауына байланысты Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы учаскелік комиссиялардың келесі құрамы жөнінде хабарлайды.

Учаскелік сайлау комиссияларының құрамы туралы хабарлама

Лауазымы	А.Ж.Т.
№178 учаскелік сайлау комиссиясы	
Комиссия төрағасы	Болжыров Оралбек Сарсембекович
Комиссия төрағасының орынбасары	Тулегенова Сагира Мендихановна
Комиссия хатшысы	Вагонхан Алмат Арманұлы
Комиссия мүшесі	Абилдаева Динара Дархановна
Комиссия мүшесі	Еримбетова Балгерим Гайбуллаевна

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

СООБЩЕНИЕ ЖАМБЫЛСКОЙ РАЙОННОЙ
ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

(село Аса, улица Абая №102, тел.: 2-12-06, 5-05-63)

В связи с назначенными на 17 мая 2026 года выборами акима Ерназарского сельского округа Жамбылского района Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия сообщает о следующем составе участковой избирательной комиссии.

Сообщение об участковых избирательных комиссиях

Должность	Ф.И.О.
Участковая избирательная комиссия №178	
Председатель комиссии	Болжыров Оралбек Сарсембекович
Заместитель председателя комиссии	Тулегенова Сагира Мендихановна
Секретарь комиссии	Вагонхан Алмат Арманұлы
Член комиссии	Абилдаева Динара Дархановна
Член комиссии	Еримбетова Балгерим Гайбуллаевна

Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ЕРНАЗАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІН САЙЛАУ
БОЙЫНША САЙЛАУ ОКРУГІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 8 сәуір

№7

Аса ауылы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл ауданы Ерназар ауылдық округі әкімін сайлау бойынша Ерназар ауылдық округінің шекарасында сайлау округі құрылсын.

2. Сайлау округі және оның шекарасы мен аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетілген мәліметтер Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінде жариялансын.

Комиссия төрағасы **Е. АЛПЫСБАЕВ**
Комиссия хатшысы **О. ЗАТЫБЕКОВ**

ОБ ОБРАЗОВАНИИ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО ОКРУГА ПО ВЫБОРАМ АКИМА
ЕРНАЗАРСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ЖАМБЫЛСКОГО РАЙОНА

8 апреля 2026 года

№7

село Аса

В соответствии с подпунктом 6) статьи 14, пунктом 4) статьи 21, статьей 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Образовать избирательный округ по выборам акима Ерназарского сельского округа Жамбылского района в границах Ерназарского сельского округа.

2. Опубликовать сведения об избирательном округе с указанием его границы и местонахождения территориальной избирательной комиссии на интернет-странице Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии и в районной газете «Шұғыла-Радуга».

Председатель комиссии **Е. АЛПЫСБАЕВ**
Секретарь комиссии **О. ЗАТЫБЕКОВ**

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ ЕРНАЗАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ
САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 8 сәуір

№8

Аса ауылы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 8-1) тармақшасына, 113-1 бабының

1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. 2026 жылғы 17 мамырға Жамбыл ауданында Ерназар ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалсын;
2. 2026 жылғы 17 мамырға тағайындалған Жамбыл ауданы Ерназар ауылдық округі әкімінің сайлауына

әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары осы қаулының №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін;

3. Осы қаулы Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында және «Шұғыла-Радуга» газетінде жариялансын.

Комиссия төрағасы **Е. АЛПЫСБАЕВ**
Комиссия хатшысы **О. ЗАТЫБЕКОВ**

О НАЗНАЧЕНИИ ВЫБОРОВ АКИМА ЕРНАЗАРСКОГО СЕЛЬСКОГО
ОКРУГА ЖАМБЫЛСКОГО РАЙОНА

8 апреля 2026 года

№8

село Аса

В соответствии с подпунктом 8-1) статьи 14, подпунктом 1) пункта 1 статьи 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Назначить на 17 мая 2026 года в Жамбылском районе выборы акима Ерназарского сельского округа.
2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов

акима Ерназарского сельского округа Жамбылского района, назначенных на 17 мая 2026 года, согласно приложению №1 к настоящему постановлению.

3. Опубликовать настоящее постановление на интернет-ресурсе Жамбылской районной территориальной избирательной комиссии и в районной газете «Шұғыла-Радуга».

Председатель комиссии **Е. АЛПЫСБАЕВ**
Секретарь комиссии **О. ЗАТЫБЕКОВ**

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

(Аса ауылы, Абай көшесі №102, тел.: 2-12-06, 5-05-63)

2026 жылғы 17 мамырға тағайындалған Жамбыл ауданы Ерназар ауылдық округі әкімінің сайлауына әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарына сәйкес Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Жамбыл ауданы Ерназар

ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша сайлау округінің шекарасы жөнінде хабарлайды.

1. Ерназар ауылдық округі (№178 сайлау учаскесі)
Шекарасы: Ерназар ауылы.

СООБЩЕНИЕ ЖАМБЫЛСКОЙ РАЙОННОЙ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

(село Аса, улица Абая №102, тел.: 2-12-06, 5-05-63)

В соответствии с Календарным планом основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акима Ерназарского сельского округа Жамбылского района, назначенных на 17 мая 2026 года, Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия сообщает о границах избирательного округа по выборам

акима Ерназарского сельского округа Жамбылского района:

1. Ерназарский сельский округ (избирательный участок №178)
Границы: село Ерназар.

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

(Аса ауылы, Абай көшесі №102, тел.: 2-12-06, 5-05-63)

Жамбыл ауданы Ерназар ауылдық округі әкімінің сайлауы 2026 жылғы 17 мамырға тағайындалуына байланысты, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағы және Жамбыл ауданы Ерназар ауылдық округі

әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарының 3-тармағына сәйкес, Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы келесі құрамы жөнінде хабарлайды:

Комиссия төрағасы – Алпысбаев Еламан Галымжанұлы.
Комиссия төрағасының

орынбасары – Қалшымбетов Бауыржан Құттыбайұлы.

Комиссия хатшысы – Затыбеков Орынбасар Қасымбекұлы.

Комиссия мүшелері – Байкеева Қарлығаш Оңғарбайқызы, Бекболатов Ардан Тәжібайұлы, Рысбеков Жанар Расылханұлы, Ошакбай Қуат Қанатұлы.

СООБЩЕНИЕ ЖАМБЫЛСКОЙ РАЙОННОЙ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

(село Аса, улица Абая №102, тел.: 2-12-06, 5-05-63)

В связи с назначением на 17 мая 2026 года выборов акима Ерназарского сельского округа Жамбылского района и в соответствии с пунктом 4) статьи 13 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» и пункта 3 календарного плана основных мероприятий по

подготовке и проведению выборов акима Ерназарского сельского округа Жамбылского района, Жамбылская районная территориальная избирательная комиссия сообщает следующий состав:

Председатель комиссии – Алпысбаев Еламан Галымжанұлы.
Заместитель председателя

комиссии – Қалшымбетов Бауыржан Құттыбаевич.

Секретарь комиссии – Затыбеков Орынбасар Қасымбекұлы.

Члены комиссии – Байкеева Қарлығаш Оңғарбаевна, Бекболатов Ардан Тәжібаевич, Рысбеков Жанар Расылханұлы, Ошакбай Қуат Қанатович.

12 СӘУІР – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АВИАЦИЯ ЖӘНЕ ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ



12 сәуір – Адам баласының ғарышқа алғаш рет ұшқан күні. Осыдан 65 жыл бұрын алғаш рет адамзат баласы аспанға ұшып, ғарышқа самғады. Сол кезден бастап бүгінгі күнге дейін 600-ге жуық адам ғарышқа саяхаттаған.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

1961 жылдың 12-сәуір күні Кеңес Одағының ұшқыш-ғарышкері Юрий Гагарин адамзат тарихында алғаш рет ғарышқа сапар шегіп, Жерді айналып шықты. Оның «Восток» кемесімен ғарышқа ұшуы ғылым мен техника саласында жаңа дәуірдің басталуына түрткі болды. Небәрі 108 минутқа созылған сапар ғарышты игеруде үлкен қадам болды. Юрий Гагариннің есімі әлемге әйгілі болып, өзі шұғыл майор және Кеңес одағының қаһарманы атағын алды.

Юрий Алексеевич Гагарин 1934 жылы 9 наурызда КСРО-ның батыс аймағындағы қазіргі Гагарин ауданының Клушино ауылында дәулетті шаруаның отбасында дүниеге келді. Болашақ ғарышкер өте білімқұмар бала болғандықтан, барлық пәндерді оқуға қызығушылық танытты. Ол өте талантты оқушы болды. Оқуын бітіргеннен кейін бірнеше ай өткен соң, Чкаловтағы әскери авиация мектебіне әскерге шақырылды. Онда Гагарин өлім аузынан қалған күрделі қажырға болады. Взвод командирінің көмекшісі болып тағайындалған жас Гагарин тәртіпті өте қатаң сақтайтын. Оның мұндай талапшылдығы, әрине, қызметтестеріне ұнамады. Сонда, ондағылар бір түні Юрийді ұстап алып, өлімші етіп сокқыға жығып кетеді. Осы жағдайдан кейін ол ұзақ уақыт ауруханада жатып, кейін қызметіне қайта оралады. Атап өту керек, бұл оқиға болашақ ғарышкердің жауынгерлік рухын түсірмеді. Ол осы жағдайдан кейін де қарамағындағыларға деген



көзқарасын өзгерткен жоқ.

Юрий Гагарин Луостариде қызмет етіп жүрген кезінде КСРО-ның әуе күштерінің ғарышқа ұшқысы келетін еріктілер таңдап жатқанын естиді. Осыған байланысты, ол өзін кандидат ретінде есептеуін сұрап, басшылыққа баянат жазды. Ол 165 см бой және 68 келі салмақпен ғарышқа алғаш ұшатын 20 үміткердің қатарына кіреді. 1960 жылдың көктемінде Гагарин басқа кандидаттармен бірге арнайы жабдықталған базада жаттыға бастады. Қатысушылардың әрқайсысы ғарышқа тұңғыш жол салушы болуды армандады.

Үлкен бәсекелестікке қарамастан, Юрий барлық қарсыластарын жеңе алды. Ол ешқашан ешкімге қызғанып қарамаған және барлық адамдармен адал болды. Көп ұзамай кандидаттар анонимді сауалнамаға қатысып, әрқайсысы ғарышқа ұшуға лайық ең үздік үміткерді атауы керек болды. Бір қызығы, барлық қатысушылар ғарышқа ұшуға лайық адам деп Юрий Гагаринді атаған.

Ол топта көшбасшы болмаса да, ғарышкерге тән бірқатар қасиеттерге

ие еді және психологиялық тұрғыдан өте тұрақты болды. Яғни, Гагарин ең қиын сәтте де кез келген жағдайды айқын бағалауға және дұрыс шешім қабылдауға қабілетті болатын. Королев осыған байланысты да Гагаринді таңдады. Юрийдің кандидатурасының мінсіз болғаны, ол славяндық айқын сырт-келбетпен және мінсіз өмірбаянымен ерекшеленді. Оның үстіне, Юрий Гагарин шаруа отбасынан шыққандықтан, идеологиялық тұрғыда да ғарышқа ұшуға лайықты болды. Себебі, бұл жағдайда бүкіл әлемдік қоғамдастық Кеңес Одағында тіпті, қарапайым адамның өзі ғарышкер бола алатынын білер еді.

Юрий Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен алғаш ғарышқа көтерілгенде елеулі қауіптер болды. Ел басшылығы зымыранның барынша жылдам іске қосылуын талап еткендіктен, құрастырушылар оны толығымен жабдықтап үлгермеді. «Восток» зымыранында жұмсақ қондыру және авариялық-құтқару жүйелері жоқ болған еді. Соған қарамастан 1961 жылы 12 сәуірде Мәскеу уақыты бойынша

сағат 09.07-де «Байқоңыр» ғарыш айлағынан көптен күткен ұшу орындалды. Гагарин зымыран көтерілер алдында: «Кеттік!» – деп айқайлады. Ғарышта 2 сағаттай қалықтаған Юрий Гагарин Жерге қиындықтармен қонды. Бір қызығы, «Восток» кемесі белгілі бір ауытқуына байланысты жоспарланған жерге қонған жоқ. Алайда, ең бастысы, Юрий Гагарин қайткен күнде де ғарышта болып қайтты және Жерге аман-есен оралды.

Ғарышқа сәтті ұшып келгеннен кейін Юрий Гагарин бір сәтте әлемге танылып, жұлдызға айналды. 1961 жылы 14 сәуірде №1 ғарышкердің құрметіне керемет мереке ұйымдастырылды. Барлық кеңестік қалалардың басты көшелерінде қуаныштан көз жасын ұстай алмаған көптеген бақытты адамдарды кездестіруге болатын. Ал теледидарда дикторлар өз отандастарының ерлігі туралы үздіксіз әңгімелеп жатты. Сол уақытта Кеңес халқы шынайы масаттанып, жетістікке жеткендерін мақтанып тұтты.

Айтулы күннен бастап адамзаттың ғарышты зерттеуге

деген ынтасы артып, Айға қону, басқа планеталарды зерттеу сынды үлкен жобалар іске аса бастады. Бұл оқиға тек бір мемлекеттің емес, бүкіл адамзаттың ғылыми-техникалық жетістігінің шарықтау шегі болды. Бұл күн Қазақстан үшін де айтулы мереке. Ғарышқа аттанғандардың қатарында қазақтың үш ғарышкері – Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетов те бар. Сапар барысында 39 ғарыштық эксперимент жасалды. Осының арқасында Қазақстанның ғарыш ғылымын халықаралық қауымдастық мойындады.

КСРО-ның соңғы және Қазақстанның бірінші ғарышкері – Токтар Әубәкіров 1991 жылы ғарышқа экспедициялық сапармен барып, сол жақта 7 күн 22 сағат 13 минут болды. Ол – алғаш рет басқа кеңестікте жүріп, қазақтың ұлттық тағамын жеген адам. Сол жылы ғалымдар ірімшік, айран және етті ғарышта жүріп жеуге болатындай етіп әзірлеген.

Қазақтан шыққан екінші ғарышкер – Талғат Мұсабаев. Ол ғарышқа үш рет ұшып, сол жақта 341 күн 9 сағат 48 минут 41 секунд болып қайтты. Нәтижесінде Гиннесстің рекордтар кітабына енген. Осы күнге дейін ол сияқты ешкім ғарыш кеңестігінде ұзақ уақыт болып көрмеген.

Қазақстанның үшінші ғарышкері – Айдын Айымбетов. Ол 2015 жылдың 2-12 қыркүйегі аралығында «Союз ТМА-18М» және халықаралық ғарыш станциясына бағыт алған «Союз ТМА-18М» кемесінің екінші бортинженері ретінде ұшты. Халықаралық ғарыш станциясына барған ЭП-18 экспедиция мүшесі. Ғарышкер Жерге «Союз ТМА-16М» кемесінде оралды. Ұшу уақыты 9 тәулік 20 сағат 13 минут 51 секундқа созылды. Сол сапарда Айдын Айымбетов ғарыштағы 5-інші ұлттық ғылыми зерттеу бағдарламасын орындады. Алғашқы 4 бағдарлама 1991 жылы Токтар Әубәкіровтің және 1994, 1998, 2001 жылдары Талғат Мұсабаевтың ғарыштық сапарларында атқарылған еді.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

ЕСЕПТЕ ТҰРҒАНДАРҒА ДА ҚОЛДАУ БАР

Күні кеше Отбасын қолдау орталығы пробация есебінде тұрған азаматтарға арналған «Ашық есік күні» іс-шарасын ұйымдастырды.

Аружан КҮНТУБАЙ

Азаматтарға жан-жақты қолдау көрсету, олардың қоғамға бейімделуіне көмектесу және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағыт-бағдар беру мақсатында өткізілген шарада қатысушыларға әлеуметтік жұмыс мамандары тегін



қызмет көрсетіп, қолдау білдірді. Атап айтқанда, Мансап орталығының мамандары жұмысқа орналасу, кәсіптік бағдар беру және еңбек нарығындағы мүмкіндіктер туралы ақпарат ұсынса, аудандық білім бөлімі білім алу, қайта даярлау және біліктілікті арттыру мүмкіндіктері жайлы мәлімет берді. Ал «Отбасын қолдау» акционерлік қоғамының мамандары тұрғын үй жинақ жүйесі, баспана алу мүмкіндіктері мен тиімді қаржылық құралдар жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар, заңгерлер құқықтық мәселелер бойынша кеңес беріп, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін түсіндірсе, психологтар

жеке және әлеуметтік қиындықтарды еңсеру, күйзелісті басқару, өз-өзіне сенімділікті арттыру бағытында қолдау көрсетті. Әлеуметтік жұмыс мамандары мемлекеттік әлеуметтік көмектер, жәрдемақылар мен түрлі бағдарламалар туралы ақпаратпен бөлісті.

Бұдан бөлек, «Қарызсыз қоғам» ұйымының өкілдері қаржылық сауаттылықты арттыру, қарыздан шығу жолдары және жеке бюджетті тиімді басқару бойынша кеңес берді. Аудандық емхананың мамандары азаматтарға денсаулыққа қатысты кеңестер айтып, профилактикалық тексерулердің маңыздылығын түсіндірді.

БАЙҚАУ

Сана мен сара сөздің саңлағы



Жуырда қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың шығармаларын оқушыларға кеңінен насихаттауға арналған «Сана мен сара сөздің саңлағы» атты аудандық «Әбіш Кекілбаев оқулары» атты байқау өтті.

Оқушылардың жазушы шығармаларына деген қызығушылығын арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, эстетикалық талғамы мен сөз мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ жас ұрпақты ұлттық рух пен рухани мұраға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу көзделген әдеби кештің шымдылығы әсем әнмен түрілді. Бірнеше бағыт бойынша ұйымдастырылған шарада қатысушылар жазушының прозасы мен поэзиясынан үзінділерді мәнерлеп жатқа оқып, шығармалары негізінде сахналық қойылымдар қойды. Зерттеу

жобаларын қорғап, өз туындыларын ұсынды. Жазушының шығармалары желісімен иллюстрациялық суреттер салып, көркемдік шеберліктерін көрсетті. Шығармаларды жете түсініп, жүрепке жеткізе білді. Олардың сахналық қойылымдары мен өлеңдерді мәнерлеп оқуы көрермендердің көңілінен шықты.

Қатысушылардың өнерін саралап, бағасын берген қазылар алқасының шешімімен Т.Тоқтаров атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы Сафиянұр Рысқұлбек мәнерлеп оқу, Айшабибі орта мектебінің 8-сынып оқушысы Мұхтар Әділет үздік зерттеу

жұмысы, №1 орта мектептің 8-сынып оқушысы Арай Мұстафа иллюстрациялық сурет салу, №5 Шайдана орта мектебінің 9-сынып оқушысы Досым Абай ақындар мұшайрасы, Б.Кейкиев атындағы орта мектептің 9-сынып оқушыларынан құралған «Жан әлемі» тобы сахналық қойылым бағыты бойынша үздік деп танылып, арнайы дипломмен марапатталды. Облыстық кезеңге жолдама алды.

Айгүл БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,
аудандық білім бөлімінің әдіскері.

АУЛА ОЙЫНДАРЫ-2026

Спорт – денсаулық кепілі. Бүгінде елімізде спортпен шұғылданатын азаматтардың қатары жылдан жылға көбейіп келеді. Бұқаралық спортты дамыту жолға қойылғалы бері азаматтарымыз, оның ішінде жас ұрпақ салауатты өмір салтын ұстанып жатыр. Мемлекет тарапынан спортпен айналысуға қолайлы жағдай жасалып, қолдау көрсетілуде. Түрлі жарыстар ұйымдастырылып, жас әуесқой спортшылар лайықты ынталандырылуда.

Ләңгі теуіп, асық айтты

Дүниежүзілік денсаулық сақтау күніне арналған аудандық «Аула ойындары-2026» екінші іріктеу кезеңі сөзімізді салмақтай түспек. Аса ауылындағы бұқаралық спорттық іс-шаралары өткізу орталығының ауласында «Есірткіге жол жоқ!» ұранымен жасөспірімдер мен жастар арасында ұйымдастырылған додада жалпы саны 250 әуесқой спортшы қалашық, ләңгі, асық ату, орта доп, секірмек секілді спорт түрлері бойынша сынға түсті. Олар бекітілген жарыс ережелеріне сай өнер көрсетіп, жүлделі орындарды сарапқа салды.

Нәтижесінде, ләңгі тебуден Сұңқар Жаңабай, Акмырза

Жұмахан, Ардагер Ошанов қатарынан оза шауып, жеңімпаз атанды. Секірмектен Айша Бейбітбай, Зейін Айтубай, Іңкәр Кенжебай, Омар Тоқтасын, Аружан Қали, Азизбек Шамиденов үздіктер қатарынан көрінді. Орта доп бойынша Ақбастау, Қарасу, Өрнек ауылдық округтері үздік деп танылды. Қалашықта Бірлесу-Еңбек және Ерназар ауылдары бірінші болды.

Сонынан жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы диплом мен медальдар табыс етілді.

Руслан ӨТЕП,
аудандық бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығының әдіскері.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



Заң үстемдігі – қоғам тірегі

Таяуда аудандық «Жастар ресурстық орталығында» «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Заң және жауапкершілік» атты TEDx форматында кездесу ұйымдастырылды. Қоғамдағы құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, азаматтардың заң алдындағы жауапкершілігін арттыруға және құқықтық сауаттылығын жетілдіруге бағытталған шарада аудандық полиция бөлімі бастығының қызмет жөніндегі орынбасары, полиция подполковнигі Мадияр Қожахметов пен аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бас маманы Сәуле Төлекова спикер ретінде қатысып, көпшілікпен еркін пікір алмасты. Кездесуге ауыл тұрғындары, құқық қорғау саласының қызметкерлері, жас мамандар қатысып, маңызды ақпараттарға қанықты.

Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң алдындағы жауапкершілікті терең түсіндіру және заңның қоғам өміріндегі рөлін айқындау негізгі мақсат болды. Осы ретте қатысушыларға әрбір азаматтың құқықтары мен міндеттері кеңінен түсіндіріліп, құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жан-жақты баяндалып, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік түрлері нақты мысалдар арқылы түсіндірілді.

Кездесу барысында Қазақстан

Республикасы Конституциясының қалыптасу тарихына шолу жасалып, оның ел өміріндегі маңызы кеңінен айтылып, «Бір қателік – бір тағдыр» атты бейнеролик көрсетілді.

Жиын барысында қоғам мен жастар арасында өзекті болып отырған мәселелер де талқыланды. Атап айтқанда, вандализм, дроп-кылмыстар, аффект жағдайында жасалатын құқық бұзушылықтар, түнгі уақыттағы жүріс-тұрыс тәртібі және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасы кеңінен түсіндірілді.

Спикерлер заң талаптарын сақтау

әрбір азаматтың бұлжымас міндеті екенін атап өтіп, жастарды саналы әрекетке, жауапкершілікке және құқықтық сауаттылықты арттыруға шақырды.

Кездесу соңында қатысушылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, тұшымды жауаптар алды. Ашық форматта өткен пікір алмасу барысында көтерілген мәселелер жан-жақты талқыланып, қатысушылар тарапынан оң пікірлер білдірілді.

Балнұр ҚАЗЫҒАЛИЕВА,
аудандық «Жастар ресурстық орталығының» заңгері.

Соңы. Басы 1-бетте

ЖАРНАЛАРДЫ ТӨЛЕУ ЖЕҢІЛДЕТІЛУДЕ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында екінші деңгейдегі банктермен жұмысын жалғастыруда. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі хабарлады.

Қор мен «Kaspi Bank» АҚ-ның бірлескен жұмысының нәтижесінде енді Kaspi.kz пайдаланушылары сақтандыру мәртебесін тексеру кезінде өткізіп алған барлық жарналарды бір төлеммен төлей алады. Қызмет ағымдағы айдан бастап төлеу қажет кезеңдерді автоматты түрде анықтап, қалыптастырады.

Бұған дейін дербес төлеушілер 12 айға алдын ала жарна төлеген кезде әр айдың деректерін бөлек енгізуге мәжбүр еді. Соның салдарынан кезеңдерді көрсету кезінде қателіктер жиі орын алды. Енді мұны бір төлеммен жүзеге асыруға болады.

Бұл шешім пайдалана-

нушыларға МӘМС жүйесі аясында медициналық көмекке қол жеткізу үшін жарналарды жылдам әрі дұрыс төлеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қызмет төлеушінің типін автоматты түрде анықтап, дербес төлеушілер мен жеке кәсіпкерлер үшін жарна мөлшерін дұрыс есептейді.

Kaspi.kz қосымшасында мәртебені тексеру және жарналарды төлеу қызметі келесі бөлімде қолжетімді: Төлемдер → Айыппұлдар мен салықтар → Сақтандыру мәртебесін тексеру.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі.



МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177
Аружан КҮНТУБАЙ 87002642761
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395
Құрбанәлі Шахабай 87788758489
Жұматай Көксубайұлы 87088419629
Ғалия АЛИЕВА 87075853423

Дизайнер-теруші:
Бас редактордың
орынбасары:
Тілшілер:

2-20-24
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3064 Тапсырыс №245

Нөмірдің кезекшісі: Аружан КҮНТУБАЙ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үйі.